

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 681 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 тамыздағы N 777 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 272 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салуларды, кейбір кедендік режимдерге орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбелерін, сондай-ақ жекелеген кедендік режимдерге орналастырылған тауарлармен жасалатын операцияларды жүргізуге арналған тыйым салулар мен шектеулерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 681 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 29, 284-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген тауарлар экспорты кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі:

1) мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 21, 22, 23-жолдармен толықтырылсын:

21	рапс немесе кольза тұқымдары, ұнтақталған немесе ұнтақталмаған	1205*****;
22	соя майы және оның фракциялары, тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгертілмеген	1507 *****;
23	рапс майлары (рапстан немесе кользадан) немесе қыша майы және олардың фракциялары, тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгертілмеген	1514*****

”;

2) мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:
"***** 2009 жылғы 1 сәуірге дейін қолданылады”.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу жөніндегі шаралар туралы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Интеграциялық комитетінің хатшылығын хабардар етсін.

